

Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti

Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady

beisenbi, 2 mamyr 2024 jyl №18 (111 11)

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні

Құрметті аудан тұрғындары!

Көп ұлттың өкілдері мекендеген елімізде 1 - мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні ретінде аталып өтеді.

Елімізде ұлттар бірлігі мен татулығына ерекше мән берілген. Бұл мереке бүкіл елімізде, әр қала мен ауылда тойлана-тын жалпыхалықтық мереке болып қалыптасып кетті. Тәуелсіздік алғаннан бері отыз жылдан астам уақытта мереке жана, әрі терең мазмұнға толды. Қазақстан халқының бірлігі күні біздің берік достығымыз бен тұтастығымыздың, адал ниетіміз бен мақсат-мүддеміздің символына айналды.

Аудан көлемінде тұратын көптеген ұлт өкілдерін туған жеріне деген сүйіспеншілік, бір арнаға тоғысқан арман-мақсат біріктіреді. Дана халқымыз Отанымызда тұрып жатқан бір де бір басқа ұлт өкілін сыртқа теппеген, құшағын жайып қарсы алып, қазақи қонақжайлық танытқан, бірлік бар жерде тірлік бар деп бауырына тартқан. Бұның өзі әр азаматтың бойында туған елге, өскен жерге деген мақтаныш сезімін ұялатуда, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуде.

Бірлік мерекесі аудан тұрғындары үшін тек өзара құрмет пен достық мерекесі ғана емес, ол ертеңгі күнге деген зор сенімнің мейрамы болып табылады. Әрбір аудан тұрғынының еселі еңбегі береке бірлігіміздің арқасында толағай табыстарға айналатынына сеніміміз мол.

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды Қазақстан халқы бірлігі күнімен құттықтаймыз!

Сіздерге мықты денсаулық, баянды бақыт, берекелі табыс тілейміз!

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

С.СОЦИАЛ,
мәслихат төрағасы.

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні

Құрметті жерлестер!

Сіздерді мерейлі мереке - Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік мереке дәрежесінде атап өтілетін Отан қорғаушы күні жауынгерлеріміздің ғана мейрамы емес, бүкіл ер-азаматтарымыздың, барша халқымыздың ұлық күні.

Айбынды Қарулы күштеріміздің сапында аға буын өкілдерінің ерлік дәстүрін біздің ауданнан шыққан сарбаздар да жалғастырып жүргенін мақтаныш етеміз. Олар ел сеніміне селкеу түсірмей, өздеріне жүктелген ауыр да абыройлы жауынгерлік міндетін адал атқаруда.

Мерейлі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, баянды бақыт тілейміз!

Азат еліміздің аспанын бұлт шалмасын! Армиямыздың даңқы арта берсін! Бұл күні біз Қарулы Күштер қатарында қызмет еткендер мен сапта жүргендерге, Ауғанның отты жолдарынан өткен, ерлік пен батылдықтың үлгісін көрсеткен ержүрек жауынгерлерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шекіз берілген ұландарымыз еліміздің қорғаны болып, осы абыройлы борышты адал өтеп, бейбіт өмірді сақтайды деп сенеміз.

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, қажымас жігер тілейміз.

Қарулы Күштеріміздің қуаты нығайып, айбыны асқақтап, даңқы арта берсін! Сүйікті Отанымыздың іргесі берік, аспаны ашық болсын!

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

С.СОЦИАЛ,
мәслихат төрағасы.



ҚАДІРЛІ ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ! ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді 9 мамыр Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұлы Отан соғысындағы ерлікке толы күндер бізден алыстаған сайын, бейбітшілік үшін халқымыздың жасаған ерлігі одан әрі асқақтай түседі. Ұрпаққа осынау бейбіт өмір сыйлаған ардақты ардагерлерге айтар алғысымыз шексіз. Олар өшпес даңқ пен өжеттіліктің символы болып мәңгі қала береді.

Ерлік пен елдіктің, қайтпас қайсарлық пен батырлықтың белгісіндей болған бұл күн тарихта ерекше орын алатын мереке. Аталарымыз бен әкелеріміз етігімен қан кеше жүріп, әлемдегі бейбітшілік үшін жасаған ерліктері ешқашан ұмытылмайды.

Сол жылдары еңбек майданында бұғанасы қатпай тылда тер төккендердің ісі де ерлікпен пара-пар. Тыл еңбеккерлерінің ерлігі, олардың Жеңіске қосқан жалпы үлесі халық жадында мәңгі қалады. Біз Отан үшін от кешіп, Жеңіс үшін жанын қиған ерлер әруағы алдында бас иіп, тағзым етеміз. Ерлік ұрпаққа ұран.

Құрметті тыл еңбеккерлері! Сіздерді Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтай отырып, Сіздерге денсаулық, отбасының амандығы мен жылы шуағын, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қуанышын, бейбітшілік пен ізгіліктер және көтеріңкі көңіл күй тілейміз.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

С.СОЦИАЛ,
мәслихат төрағасы.



Құрмет

ҚАРТ ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Бүгінде ауданымызда әр ұлт өкілдері қазақ халқымен бірге қоян-қолтық еңбек етіп, ауданымыздың экономикалық, әлеуметтік әлеуетінің артуына бір кісідей үлес қосып, тату-тәтті өмір сүруде.

Ардагерлерге құрмет көрсетуді әрдайым өзінің басты міндеті санаған аудан әкімі М.Мұхтаров 1 мамыр - Қазақстан

халқы бірлігі күніне орай аудан орталығындағы қарт ұстаз Любовь Ивановна Зузулинаның шаңырағына арнайы барып, мерекемен құттықтады.

Аудан әкімі бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған қарт ұстазға мерекелік сыйлықтар табыс етіп, деніне саулық, отбасына амандық тіледі.

Қарт ұстаз да бірлік



мерекесіне орай өзін арнайы құттықтай келген аудан әкіміне ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.

Л.И.Зузулина Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясында ұзақ жылдар ұстаздық еткен. Осы жылдарда оның алдынан жүздеген шәкірт өтті.

Қарт ұстазды құттықтауда аудан әкімімен бірге Аналар кеңесінің төрайымы Гүлшара Ахметова болды.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.

Айтайын дегенім...

ЫСЫРАПШЫЛДЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

Ысырапшылдық - Аллаһ тағала сүймейтін іс. Құран кәрімде де «Ішіндер, жеңдер, бірақ ысырапқа жол бермеңдер. Расында Алла тағала ысырап қылушыларды жақсы көрмейді» деп жазылған. Жаназаның жайнаған дастарханы, әжік-күжік бостек өңгіме, ара-тұра естіліп қалатын дарақы күлкілер, осы көрініс мұсылмандығымызға, тіпті салтымызға салқынын түсіргендей. Пенде болған соң өмірде қуаныш пен қайғы қатар алмасып жататындығы белгілі. «Өзекті жанға бір өлім» дегендей, біреулердің дәм-тұзы таусылып, бақи дүниеге аттанып жатса, енді бір шаңыр-ақта той болып шаттыққа кенеліп жатады. Халқымыз қашанда тор-қалы тоймен топырақты өлімнің ара жігін ажырата білген. Бұрын-ғылар «Аралас-паса ағайын жат, бармаса бата қаза» деген тәмсілді мықтап ұстап «Өліктің жолы ауыр» деп ең алдымен қаралы үйге ат басын тіреп қайғысына ортақтасқан. Бірақ менің айтар ойым ол емес. Айтпағым сол жан-азаға жайылатын дастарханды той дастарханымен шатастырып алғанымызда. Шатастырып демей не дейін, егер ол дастарханға құстың сүтінен басканың бөрі бар. Тойды қойшы, қазағымның дарақылығына өбден көзіміз үйренген, бірақ қонағасына жайылған дастарханды жайнатып қою қаншалықты қажет. Бай бол, кедей бол барар жерің бір, арқалап әкететінің 20 метр бөз.

Алла тағалаға ниет ету көл-көсір дастарханмен, аста - төк тағаммен өлшенбейді. «Бардың малын шашам, жоқтың артын ашамын» деп келген өлімнің алдында «Ұятты болып қалмайық, артымыз ашылмасын» деп шала шабылатын ағайынның арыны қатты бүгінде. Бақилық болған адамды ақтық сапарға шығарып салу үшін соңғы тиынын санап өлік жөнелтіп жатқандар да баршылық. Қалай десек те жақынынан айрылған адамдарға қайғырып, аза тұта алмайтын-

дай күн туды. «Жұрт сынап кетеді, ұятқа қаламыз» деп сойыс малын, дастархан тағамдарын, көпшілікке тарататын шапан мен жыртысын іздеп зыр жүгіреміз. Мұндайда олардың жақынынан айырылып жатқаны да жадынан шығып кететіні түсінікті жайт. Бір, екі мал сойып, табақ-табақ ет тартып көз сүріндірер дастархан жаю дәстүрімізге дендеп енді. Сонда қара жамылып



қйғырып отырған отбасы өз өздерін жұбата ма, әлде қазаға жиналған көпшіліктің дұрыс ас ішуіне көңіл бөліп алаңдай ма?

Осы орайда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жұртшылықты өлік жөнелту шамадан тыс даңғойлыққа айналдырмауға шақырады. Ел аумағында Жанқұтты би мешітінің бас имамы Алпысбайұлы Берік қажы да жаназа дастарханының мәзірі туралы арнайы кеңестер өткізіп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Жаназа дастарханына қойылатын тағамдар су, нан, май, өрік-мейіз, бауырсақ пен шелпек болса болғаны. Шариятта дастарханнан пакетке салып дәм алып кетуге, жыртыс ормал немесе маталар тарауға тиым салған. Ал көзіргі кезімізде үйреншікті болған көрініске етіміз үйреніп кеткен. Әйелі де, еркегі де дастархандағы тамақты пакеттеріне тығыздап үйлеріне әкеліп жатады. Бүгінде марқұм болған адамға шашылып дастархан жайса оны сауап деп түсінетін тәрізді.

Осыдан біраз бұрын Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қайтыс болғандардың

басына зират тұрғызуға қатысты пәтуә шығарғанды. Дін өкілдері «Шарият бойынша өлген адамның бейігіне тек құлыптасқа жарты ай суреті бейнеленіп, марқұмның аты-жөні мен туған және қайтыс болған уақыттары жазылады, ал зират төмпешігі түйенің өркенінен биік болмауы керек» делінген. Бірақ осыны ескеріп отырған пенде баласын көрмедік. Тіпті несие алып марқұм болған туғандарының басына көрікті кесене тұрғызатындар да бар. Не десек те қазағым өлік жөнелту үшін барын шашып аянып қалып жатқан жоқ. Оның үстінде жоғарыда айтылған қымбат құлпытасты қоршауды қоссаңыз қаншама шығын кететіндігін есептей беріңіз 2-3 миллиондай қаражат кетеді екен. Қазақстанның барлық облысының имамдары өткен жылдан бастап жұртшылық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қолға алған болатын. Дін өкілдері халықты зират салу, қонақасы, дастархан мәзіріне жұмсалатын шығындарды шектеуге шақырады. Және де тағы бір айта кетер мәселе қонақасында жарыс сөздерді үзілді-кесілді тоқтату керек. Қыркында, жылдық асында болса бір сірө. Егер шын мәнінде сауапқа батқың келсе, күнкөрісі төмен, мұқтаж жандарға қол ұшыңды бер. Сауаптың жолы осы, ал жаназа дастарханын жарысқа айналдырып байлығыңды, барлығыңды көрсету парыз емес. Не десек те иманымыз қашпасын дейік, өлік жөнелтуде ысырапшылдыққа жол бермеу керек.

Ақсу-Аюлы ауылдық округінің ақсақалдарының атынан Егінбай КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тумасы, Қарағанды қаласының тұрғыны болған отбасымыздың тірегі, асыл жар, қамқор әке, немере-шөберелерінің сүйікті атасы, адал жүрек иесі **МӘУЛЕНОВ Балғымбайдың (Қордабай)** фәни дүниеден бақиға озғанына 40 күн толып отыр.

Ел құрметіне бөленген жанның жарқын бейнесі мен адамгершілікке толы жүрегі ел жадынан сөнбек емес. Әкемізді сағына еске алып, жатқан жері жарық, топырағы мамық, жаны жәннәтта болып, жұмақ төрінен орын алсын деген ниетпен дұға бағыштаймыз



Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз ғой тағдырдың салғанына. Көзімізге ып-ыстық жас келеді, Әке өзіңді сағынып, еске алғанда.

Бәйтеректей әулетке сая болған, Бәрінен де мейірімін аямаған. Жәннәтта жаның болсын, рухың биік, Өзіңдей қайда бізге аяулы адам.

Сағына еске алушылар: **балалары, немерелері.**

Асқар тау әкеміздің 40 күндік асы мамыр айының 11 жұлдызында сағат 13.00 де Қарағанды қаласы, Күңгей шағын ауданы, Қажыбеков көшесі-1, "Diadema" мейрамханасында беріледі.

Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, жора-жолдас, әкеміздің көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

Көңіл айту

Шет ауданының әкімдігі, аудандық ардагерлер кеңесі ұзақ жылдар ауданымызда басшылық қызметтер атқарған Бөкен Төлеуқұлұлына ағасы

Барыс Төлеуқұлұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Көңіл айту

Шет аудандық мәслихат депутаттары және аудандық мәслихат аппараты, алтыншы, жетінші шақырылымының аудандық мәслихат хатшысы Бөкен Төлеуқұлұлына ағасы

Барыс Төлеуқұлұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Көңіл айту

Шет ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат Ортау ауылдық округінің әкімі Қуанышбеков Досан Талғатұлына аяулы қарындасы

Муртазина Берен Тәкішқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Көңіл айту

Аудандық «Шет шұғыласы» және «Шет өңірі» газеттерінің ұжымы ұзақ жылдар ауданымызда басшылық қызметтер атқарған мемлекеттік қызмет саласының ардагері Бөкен Төлеуқұлұлына ағасы

Барыс Төлеуқұлұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ МҰХАММЕД (с.ғ.с) ХАДИСТЕРІНЕН

- Садақаның абзалы - сау кезінде, сарандық жасап өмір сүруден және кедейленуден қорқып жасалған садақа. Садақаны кешіктірмей беріңіздер. Жаның алқымға тығылғанда малыңның мұншасы анаған, оншасы мынаған дегеніңнің пайдасы жоқ. Өйткені ол кезде сен айтпасаң да малың басқанікі болады.

- Садақаның абзалы-жетерлік байлығы болғанда берілген садақа. Төмендегі алушы құлдан жоғарыдағы беруші құл жақсы. Қайыр-садақаны өз айналана беруден баста.

- Садақаның абзалы - шөліркеген адамға су беру.

- Садақаның абзалы - діндар кісі ілім үйреніп, оны ақысыз-пұлсыз өз достарына да үйрету.

- Жәрдем немесе қайыр-садақа беруді ең әуелі өзіннен баста. Артылғаны болса, отбасыңды жарылқа. Тағы бірден артылып қалса, ағайын-туыстарына бер. Олардан да артылып жатса, басқаларға бер.

- Жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды. Су сұрап келген адамға ашық қабақ танытып, шелегіне су құйып беріп, ізгілік жаса.

- Адамдарға жақсылық жасау, туған-туыскандармен жақын байланыс жасап, хал-ахуал сұрасып тұру - сауабы тиетін қайырлы істер. Залымдық және туыс-туғандардан қол үзіп кету - жазасы тез білінетін істер.

Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Sary-Arka Copper Processing» ЖШС «Алмалы кенішіндегі вахталық кентті кеңейту, Шет ауданы, Қарағанды облысы» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 14.05.2024 бастап 5 жұмыс күні ішінде өтеді.

Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган - Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Ескертулер мен ұсыныстарға арналған жобалық құжаттама па-

кетін бірінші экологиялық порталдан табуға болады - <https://ecoportal.kz/Discussion/DisPublic>.

Жобаның тапсырыс берушісі: «Sary-Arka Copper Processing» ЖШС, БСН 160440031312.

Жобаның әзірлеушісі: «Елкен» ЖШС, тел. 8(7172)79-25-75, 8(702)835-32-62, info@elken.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

5-ти рабочих дней с 14.05.2024г.

Орган, ответственный за координацию общественных слушаний в форме публичного обсуждения - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений - <https://ecoportal.kz/Discussion/DisPublic>.

Заказчик проекта: ТОО «Sary-Arka Copper Processing», БИН 160440031312.

Разработчик проекта: ТОО «Елкен», тел. 8(7172)79-25-75, 8(702)835-32-62, info@elken.kz.

ТОО «Sary-Arka Copper Processing» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Расширение вахтового поселка на руднике Алмалы, Шетский район, Карагандинская область».

Публичные обсуждения будут проходить в течении